

Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының қызметін, сондай-ақ оның объектілерінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 30 сәуір N 2968

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығын, республикалық бюджетте оны қамту үшін көзделген қаражат шегінде, үнемі қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- 2) Ұлттық ядролық орталықтың ядролық және радиациялық қатері бар объектілерінің қауіпсіздігін, осы объектілердің техникалық қорғалуын күшейтуді және бұларды Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының күзетуіне беруді көздей отырып, әрі бұл ретте осы мақсаттар үшін тартылған кадрларды іріктеуге ерекше назар аудара отырып, қамтамасыз ету;
- 3) Ұлттық ядролық орталықтың әлеуметтік саласы объектілерін жергілікті атқарушы органдардың балансына беру;
- 4) Ресей Федерациясының үкіметінен Қазақстанның аумағында жүргізілген ядролық жарылыстардың радиациялық зардаптары жайындағы архив материалдарын алу;
- 5) Семей, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары әкімдерінің әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында радиоактивтік қалдықтардың орналастыруы үшін алынатын төлемнің мөлшерін анықтауға қатысуы және оны осы аумақтарда тұратын халыққа тиісті өтемақы төлеу үшін жергілікті бюджеттерге енгізу;
- 6) бұрынғы Семей сынақ полигонының аумағында жұмыс істейтін Ұлттық ядролық орталықтың 12 ғылыми қызметкеріне мемлекеттік стипендиялар белгілеу жөнінде шаралар қолдансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті